



**Сабақтың тақырыбы: Қазақ боксшылары
Ермахан Ибраимов және Бекзат Саттарханов.**

Сабақтың мақсаты:

**Оқушыларға бокс жайлы түсіндіре отырып,
Қазақ халқынан шыққан бокс жеңімпаздары
жайлы айтып, олардың жетістіктерін дәріптеу.
Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу**

Бокс деген не?

Бокс жайлы түсінік беру

Бокс

- (ағылшынша box – қорап) – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сынасатын спорт түрі. Жекпе-жекке шыққан екі ойыншы қарсыласының денесінің белгілі бір жеріне дәл соққы беруді көздейді. Жекпе-жек аумағы 4,9х4,9 м немесе 6,1х6,1 м, жан-жағы 1,3 м биіктікте арқанмен керілген рингте өтеді.



Бокс ережелері:

- Жекпе-жек қабырғалары ұзындығы 5-тен 6 метрге дейін болатын және 4 қатар канатпен шектелген алаң — рингте өтеді.
- Жеңіс көп ұпай еншілеген боксшыға; нокаутпен ұтқанға; қарсыласы пәрменсіз болып жекпе-жекті жалғастыра алмағанда, дисквалификацияға ұшырағанда немесе жекпе-жектен бас тартқан жағдайларда беріледі.
- Бокста белден төмен, желкеден, арқадан ұруға, баспен ұруға және құлап жатқан қарсыласты ұруға тыйым салынады. Жекпе-жекке — ринг ішіндегі бір төреші, сыртындағы 3-5 төреші төрелік жүргізеді.

Ермахан Ибраимов! Бұл есімді естісе елең етпейтін қазақ жоқ шығар! Кезінде шаршы алаңда жасындай жарқылдап, Сиднейде алаштың мерейін асқақтатқан батырымыз туралы журналымыздың алғашқы санымызда-ақ жазғымыз келген. Алайда, жер шалғайлығы мен Ермаханның жұмысбастылығы көпке дейін қолбайлау болды. Өздеріңіз білесіздер, сәуір айының басында Орал қаласында Ермахан Ибраимовтың жүлдесі үшін халықаралық турнир болып өткен болатын. Осы турнир барысында біз онымен кездесіп, журналымызға сұхбат беруге келістірдік. Сонымен, назарларыңызға қазақтың даңқты боксшысымен болған сыр-сұхбатты ұсынамыз:



**ЕРМАХАН ИБРАИМОВ –
ҚАЗАҚ ЖІГІТТЕРІНІҢ АРАСЫНАН ЕКІ ДҮРКІН
ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫН ТӘРБИЕЛЕП
ШЫҒАРУ»**



«Боксшы боламын» деген алдыма мақсат қойдым

— «Мен 1972 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылында дүние есігін ашқан екенмін, – деп бастады әңгімесін Ермахан Сағиұлы, – 1979 жылы жеті жасымда Жамбыл қаласындағы А.С.Макаренко атындағы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің балаларына арналған мектеп-интернаттың табалдырығын аттадым. Өздеріңіз білесіз, келесі жылы, яғни мен екінші класста оқып жүргенде 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасы өтті. Осы байрақты бәсекеде Жамбыл өңірінің түлегі, даңқты боксшы Серік Қоңақбаев ағамыз күміс жүлдегер атанды. Бала болсақ та теледидардың алдына отырып алып, ағамыздың боксын тамашалаймыз. Жақсылық Үшкөмпіров ағамыз чемпион атанды. Сол уақыттағы балалар біледі, осы ағаларымыз өздерінің жеңістерімен қазақтың көптеген қара домалақтарының жүректеріне арман отын маздатып кетті. Солардың ішінде, «Серік Қоңақбаев секілді атақты боксшы боламын» — деп армандаған мен де бармын. Сол күннен бастап «боксшы боламын» деген алдыма мақсат қойдым.



ӨМІРДЕРЕК

***ИБРАИМОВ ЕРМАХАН САҒИҰЛЫ.
1972 ЖЫЛДЫҢ 1-ҚАҢТАРЫНДА
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, Т.РЫСҚҰЛОВ
АУДАНЫНДА (БҰРЫНҒЫ ЛУГОВОЙ)
ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН.***

ӘКЕСІ: ИБРАИМОВ САҒИ

АНАСЫ: ИБРАИМОВА ЖӘМИЛА

1979 ЖЫЛЫ А.С.МАКАРЕНКО

АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-

ИНТЕРНАТЫНА БАРЫП, 1984 ЖЫЛЫ

АЛҒАШ РЕТ БОКС ӘЛІППЕСІМЕН

ТАНЫСАДЫ.

АЛҒАШҚЫ БАПКЕРІ: БАХШАР

ҚАРСЫБАЕВ

ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ:



**БІРІНШІ 1986 ЖЫЛДЫҢ ЖАСОСЫНДЫҒЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АТЫНДАҒЫ
ДЕЛДІНІСІН АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДЫРУ СЫЗЫҒЫНДАҒЫ
КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҚАБЫЛДЫРУ СЫЗЫҒЫНДАҒЫ
АУРАМЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДЫРУ СЫЗЫҒЫНДАҒЫ
ШТАЛДЫ 1998 ЖЫЛДЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДЫРУ СЫЗЫҒЫНДАҒЫ**

— **1997 ЖЫЛЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ. (ВЕНГРИЯ, БУДАПЕШТ ҚАЛАСЫ)**

— **1998 ЖЫЛЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ. (ТАЙЛАНД, БАНГКОК ҚАЛАСЫ)**

— **1999 ЖЫЛЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ. (АҚШ, ХЬЮСТОН ҚАЛАСЫ), АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ (ӨЗБЕКСТАН, ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫ)**

— **1994-2000 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ӨЗБЕКСТАН, РЕСЕЙ, ТҮРКИЯ, ТАЙЛАНД, ГЕРМАНИЯ, ШВЕЦИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ӨТКЕН КӨПТЕГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРЛЕРДІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ.**

— **2000 ЖЫЛЫ СИДНЕЙ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ. ҚАЗАҚСТАНҒА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН СПОРТ ШЕБЕРІ.**

2000-2002 ЖЫЛДАРЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА БОКС МЕКТЕБІН АШЫП, ӨЗІ АЛҒАШҚЫ ДИРЕКТОРЫ БОЛДЫ.

2002-2004 ЖЫЛДАРЫ БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІ.

2004-2007 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОКС ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ.

2007 ЖЫЛДАН БАСТАП РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БОКСТАН ОЛИМПИАДАҒА ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ.

ЖАНҰЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: ҮЙЛЕНГЕН, 5 ҰЛ, 1 ҚЫЗДЫҢ ӘКЕСІ.

Жасындай жарқ еткен Бекзат Саттарханов



Бекзат Сейілханұлы Саттарханов (4 сәуір, 1980 жыл, Түркістан, Қазақстан - 31 желтоқсан, 2000 жыл, Шымкент, Қазақстан) –


қазақстандық **боксы**, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанға еңбек сіңірген спорт шебері. 2000

жылы өткен Сидней Олимпиадасының жартылай жеңіл салмақ бойынша **чемпионы** (57 кг дейін). I дәрежелі «Барыс» орденінің бірінші иегері. **Ол 1980 жылы 4 сәуірде Түркістан қаласындағы қарапайым отбасында дүниеге келген.** Бекзат – әкесі Сейілхан мен анасы Сырлықүлдің кенже баласы. Саттархановтардың Бекзаттан өзге мектеп қабырғасындағы спорттық бәсекелерде оза шапқан үш ұлы болды. Бағдат, Болат, Мақсат есімді балалары да спортты серік еткен екен. Бала кезінде өте нәзік, аурушаң, әлжуаз болған Бекзаттан атағы жер жүзіне жайылатын даңқты боксы шығады деп ешкім ойламаса керек.



Өмірдере

К



Бекзат кейін ана арманын орындайды да. Ол Сиднейдегі жеңісін Түркістан қаласының **1500 жылдығына тарту ететіндігін айтқан.** Бекзат – 18 жасында қажылыққа барған мұсылман.

Бекзат заң саласы мамандығын игерген. Алдымен Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің дене шынықтыру факультетіне түсіп, кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің заң факультетін тәмамдаған. Бекзат бокста **Серік Қонақбаевты үлгі тұтқан.** 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасының финалында Серік Қонақбаев жұдырықтасқан сәтте Бекзат бесікте жатқан сәби еді. Анасы Сырлықүл Саттарханованың Серік Қонақбаев секілді Бекзат та чемпион болсын деген үлкен арманы болған.



Бүгінде Түркістан қаласында Бекзат Саттарханов атындағы ықшам аудан мен спорт кешені бар. Алматы қаласында көшеге Бекзат Саттарханов аты берілді. 2002 жылдан бастап бокстан Бекзат Саттархановты еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнир өтті. 2010 жылы, яғни спортшының 30 жас мерейтойы қарсаңында туған қаласы Түркістанда Бекзат Саттархановқа арналған ескерткіш қойылды. 2005 жылы Қазақстанда боксшыға арналған пошталық марка шығарылды. Бекзат туралы 3 тілде кітап, фотоальбом жарық көрген. 2009 жылы режиссер Сатыбалды Текеев «Бекзат» атты деректі фильм түсірсе, 2012 жылы режиссер Ермек Шахмет "Бекзат" атты фильм түсіру жұмыстарын қолға алды. Биографиялық кинофильмде басты рөлді актер Асылхан Төлепов сомдап шықты.



Бекзат Сейілханұлы Саттарханов 20 жылдық ғұмырында шаршы алаңда 143 жекпе-жек өткізіп, оның 132-сінде жеңіске жеткен.

Сабақты бекіту:

“Бокс” мәтінін орыс тіліне аударып, мазмұнын айтып беріңдер.

Бокс

(ағылшынша box – қорап) – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сынасатын спорт түрі. Жекпе-жекке шыққан екі ойыншы қарсыласының денесінің белгілі бір жеріне дәл соққы беруді көздейді. Жекпе-жек аумағы 4,9х4,9 м немесе 6,1х6,1 м, жан-жағы 1,3 м биіктікте арқанмен керілген рингте өтеді.

ЕРМАХАН ИБРАИМОВ КІМ? _____

ТӨМЕНДЕГІ ТАБЛИЦАНЫ ТОЛТЫРЫҢДАР.

Жылдар	Жетістіктер
<i>1997 ЖЫЛЫ</i>	
<i>1988 ЖЫЛЫ</i>	
<i>1991 ЖЫЛЫ</i>	
<i>1994-2000 ЖЫЛДАР</i>	
<i>1995 ЖЫЛЫ</i>	

Сұрақ –жауап: тез жауап бер

- 1.Бокстан Бекзат Саттархановты еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнир қашан өтті?**
- 2.Түркістанда Бекзат Саттархановқа арналған ескерткіш қай жылы қойылды ?**
- 3.Қазақстанда боксшыға арналған пошталық марка қай жылы шығарылды?**
- 4.Бекзат туралы неше тілде кітап, жарық көрді?**
- 5.Режиссер Сатыбалды Текеев «Бекзат» атты деректі фильмді қай жылы түсірді?,**
- 6. Режиссер Ермек Шахмет "Бекзат" атты фильм түсіру жұмыстарын қай жылы қолға алды?**
- 7.Биографиялық кинофильмде басты рөлді кім сомдап шықты?**
- 8.Бекзат Сейілханұлы Саттарханов 20 жылдық ғұмырында шаршы алаңда қанша жекпе-жек өткізіп, оның қаншасында жеңіске жеткен?**

**Сабақты қорытындылау:
Балаларды бағалау.**

**Үйге тапсырма:
«Бокс» тақырыбына диалог құрап
келу**